

С. Мұратбековтің "Күсен-Күсеке" әңгімесінің орыс тіліне аударылу.

Адаева Ермек

С.Мұратбеков өзіндік үнімен, суреткерлік қолтаңбасымен, соны ізденісімен әдебиетімізде өз орнын иеленген қаламгер. Жазушының шығармалары қарапайым оқиғалардан келелі ой айта алатындығымен және оны айқын жасалған адам образы арқылы ұғымға жеңіл түсінікті етіп жеткізетіндігімен ерекшеленеді. Әсіресе, қаламгердің жазушылық талабы мен талғамын танытқан озық туындылары – "Жабайы алма", "Жусан иісі", "Басында Үшқараның...", "Көкорай" повестері мен "Отау үй", "Күсен-Күсеке" т.б әңгімелері.

С.Мұратбековтің әңгіме, повестері бұрынғы КСРО халықтары мен шетел тілдеріне көптеп аударылған. Мәскеу баспаларынан әр жылдары "Дикая яблоня", "На вершине Учкары", "Запах полыни", "У теплого родника" т.б кітаптары жарық көрді. Шығармалары Ташкентте өзбек тілінде "Евшан иісі" деген атпен, Қазанда татар тілінде "Әрем иісі", украин, белорус, грузин, араб тілдерінде жеке кітап болып шықты. Бұл шығармалардағы көркемдік ізденістер әдебиеттану ғылымында сөз болып жүрген ғылыми мәселе. Ал осы шығармалардың басқа тілдерге аударылу деңгейі қандай? Бұл сауалға жазушының атын ерекше жайған шығармасы – "Күсен-Күсеке" әңгімесінің тәржімалануына тоқталу арқылы жауап іздеп көрейік. Туындыны орыс тіліне аударған белгілі аудармашы – Г.Садовников.

Алдымен аталған әңгіменің идеялық-көркемдік ерекшеліктеріне қысқаша тоқтала кетейік. Бұл әңгіме әдеби әлемде ауызға ілігіп, тілге талай рет тиек болған. "Күсен-Күсеке" әңгімесінің бас кейіпкері Күсен – бір қарағанда көрер көзге қораштау, қой соңында, қора маңында тіршілік кешіп жайбарақат жүрген адам. Кешегі "ел басына күн туған" қан кешу сапарын да көрген, бірақ білген жайларын ұмытқан. "Егер сол өзі атқан пулеметті дәл қазір алдына әкеліп қойса, қалай оқтауын да білмес еді". Сирек кездесер тосын мінез, тосын құбылыс. Сөйткен Күсен ферма меңгерушісінің жылымшы-жылпос бітімін тап басып дәл айтады. "Бұл ма, зәндемі ғой" деп күліп қойды Күсен.

С.Мұратбеков әңгімесіндегі Күсенді біз оның айналасындағы адамдардың мінез-құлқынан, іс-әрекетінен, тірлік-тұрмысынан барып танимыз. Ауыр жанрдың аз болмысындағы көп ойлылық оқушыны бей-жай қалдыра алмайды. Осындағы қой сұрап келген күйеу де, жылу сұрап келген немере іні де, ферма меңгерушісі мен дүкенші де – бәрі белгілі бейнелер. Олардың өмір сүру тәсілі сан рет тілге тиек болған. Ал Күсеннің жөні бір басқа. Несімен? Ең алдымен жан дүниесінің туматазалығымен.

Шап-шағын әңгіменің бойында нар жүгіндей салмақ жатыр. Енді көркемдік-идеялық деңгейі осындай жоғары классикалық әңгіменің орыс тіліне аударылу деңгейін саралап, талдау жасауға тырысып көрейік.

Көркем аударманың негізгі міндеті – түпнұсқаға балама бола алатындай, екіншіден аударылған елдің ұғымына, түсінігіне сіңе алатындай, үшіншіден көркем ойлау жүйесін, дәуір тынысын, мәдени, тарихи, ұлттық ерекшеліктерді бере алатындай аударма қалыптастыру, түпнұсқаға сай балама (эквивалентті) аударма жасау. Осы тұрғыдан алғанда "Күсен-Күсеке" орысша аудармасы негізінен – балама аударма болып табылады.

Ал "эквиваленттілік дегеніміздің өзі – түпнұсқадағы мазмұнның семантикалық, стилистикалық және функционалды-коммуникативтік ақпараттың аудармада дұрыс берілуі" (1,86). Аударманың қай-қайсысында да мазмұнның толыққанды, дұрыс, негізгі ойдан ауытқымай дәл берілуі жатады.

Егер аудармашы түпнұсқа негізін сақтай отырып, шығармада бейнеленген өмір шындығын дәл беруі керек дейтін болсақ, Г.Садовников осы шарттың бәрін орындай алған. Аудармашы "Күсен-Күсеке" әңгімесін аударуда экспрессивтік құралдардың қолданылуы мен автордың стильдік ерекшелігін дәл жеткізе білген. Түпнұсқаның ұлттық колоритін, көркемдік ерекшелігін сол қалпында бере алуы, аудармашының Мұратбековтің сөз қолданудағы мәнерін, тілдің ерекшелігін жақсы білетіндігін аңғартады. Аударманың тілі көркем, жатық.

С.Мұратбеков өз шығармаларындағы образдарды тұлғалауда, характерлерді даралауда түрлі көркемдік тәсілдерге сүйенеді. Әсіресе, туындыларындағы суреттеліп отырған кезең мен дәуір шындығын, оқиғаны суреттеуде өзі баяндаудан гөрі диалогқа көбірек жүгіну – жазушы қаламына тән ерекшеліктердің бірі. Оның стиліне тән қысқалық, нақтылық диалог түзу барысында да көрінеді. Аталған ерекшеліктердің барлығы басқа тілге аударылғандағы баламада көрінуі шарт. Енді Г.Садовниковтың "Күсен-Күсеке" әңгімесінің аудармасындағы диалогтарға назар аударайық.

"– Твои овцы тучнеют не по дням, а по часам, Кусен, – заявил заведующий и даже прицелкнул пальцами, – в этом году первое место твое, Кусеке! Правда все хвалят Билицкая. А я не знаю, за что. Его овцы – форменные скелеты по сравнению с твоими. Если так пойдет и дальше, считай, что орден уже на твоей груди! – закончил он торжественно...

– Время покажет. Ты же знаешь, я не жалею себя, – пробормотал Кусен, стараясь казаться скромным.

– Нет орден тебе будет обязательно! И не спорь со мной! – возмутился заведующий, будто все это было в его руках и будто сам Кусен отказывается от ордена" (2,195).

Түпнұсқа мен аудармадағы диалогтарды салыстыра отырып, олардың арасындағы мағыналық жақындықты, аудармашының қазақ сөзінің образдылығын сақтауға тырысқандығын көреміз. Шығармадағы көптеген

диалогтар ұлттық сипатын сақтап аударылған. Үзіндідегі ферма меңгерушісі мен Күсеннің репликалары олардың характерлерін аша түскен. Меңгерушінің сөйлеу мәнеріндегі жасандылық, Күсеннің қарапайымдылығы жеңіл тілмен нанымды бейнеленген. Шығармадағы қарыз сұрап келіп, "орден аласыңмен" емексітіп жүрген басшының да мінез-құлқы осындай тұстарда ашыла түседі. Бұдан аудармашының диалогтардың, кейіпкерлер сөзінің аударылуына айрықша назар аударғанын байқаймыз. Әсіресе кейіпкер характерін ашатын тұстардағы диалогтар шебер тәржімаланады.

Сондай-ақ, "проза ырғағы – шығарманың тілдік-көркемдік құрылымының үндестігі, оның тыныс-тіршілігі, өмір бейнесінің көркем шындыққа айналуындағы ерекшеліктердің түп қазығы, көркем шығарманың эстетикалық сапасының өзегі" (3,158) болса, аудармада шығарма ырғағы сақталған. Тәржімашы уақытқа қатысты ырғақтың болуына, автор тілі мен кейіпкер тілі ырғақтарының бөлектігіне назар аударған.

Жоғарыда келтірілгендей тамаша аударылған тұстар Г.Садовников тәржімасында жеткілікті. Дегенмен шығарманың көптеген тұстарында бос қайталаулар, өз еркімен ешқандай қатысы жоқ сөздерді қосу сияқты ауытқушылықтарды да байқаймыз. "Күсен-Күсекеден" мысал келтіре кетейік: "Ферма меңгерушісі иек қақты да, Бисұлтан төс қалтасынан тізім мен қалам алды. Бас-аяғы жиырма шақты шопанның фамилиясы жазылған екен. Әзірге қол қойғаны үш-төртеуі ғана. Күсен өз фамилиясының тұсына үңілген, "жүз сом" деп жазылыпты...

– Жаңа сізге келердің алдында Біліспай ақсақалдікіне соққанбыз. Ер-ақ қой, жарықтығым: "Мен жүз емес, жүз елу қосамын" деп өз қолымен түзетті, – деп қарқ-қарқ күлді" (4,23).

Аудармаға назар аударайық. "Когда Бисултан развернул бумагу, Кусен увидел список чабанов и нашел свою фамилию. Против нее стояла цифра сто.

– С тебя причитается сто рублей. Если не жалко, – пояснил Бисултан.

– Почему жалко? – испугался Кусен..

Он взялся было за карандаш. Но услышал, как заведующий овцефермой сказал шоферу:

– Между прочим, какой молодец этот Билиспай, а ?

– Что сделал Билиспай? – насторожился Кусен.

– Да вот до вас мы к нему заехали, говорит: "Почему сто рублей? – тут заведующий овцефермой сделал паузу и затем закончил так: – Для такого дела не жалко и сто пятьдесят!" Вот он какой, Билиспай!" (2, 196)

Көріп отырғанымыздай аудармашы келтірілген үзіндіде басы артық репликаларды қолданады. Сонымен қатар диалогтағы ішкі энергия қайда? Соңғы репликадағы кейіпкер сөзінің күші, динамикасы көрінбей қалған. Әңгімедегі көптеген диалогтар серпімділігінен, әсемдігінен айырылып жапа шеккен.

Немесе мына үзіндінің аудармасына назар аударайық.

"Бүгін ол тұрғаннан атын баптауға кірісті. Суғарып әкеп басына жем іліп, онан асықпай тұрып арқасының терін үгіп, тарады. "Сәті түссе, ертең жолға шығамыз," – деп қойды, атының оңалып қалғанына көңілі толып" (4, 21).

Аудармасы:

"Конь – самое главное в этой затее, потому он начал со своего рыжего жеребца. Захлопотал вокруг него – сводил к родникам на водопой, надел ему на морду мешочек с зерном и, пока Рыжий шумно жевал, расчесал ему хвост и гриву, счистил засохший пот со спины.

"Ну, вот и Рыжий в порядке, – удовлетворенно сказал себе Кусен и на радостях добавил: – Так уж и быть, поеду завтра, но завтра – это уже точно, накажи меня бог" (2, 193).

Бұл үзіндіде де аудармашының өз жанынан сөйлемдер қосып, Күсеннің атына "Рыжий" деп есім беріп қойғанының куәсі болып отырмыз.

Шығармадағы басты кейіпкерлер – Күсен мен Тұрғали есерсоқ. Суреткердің алғыр ойы, көреген көзі, кейіпкердің мінез диалектикасын жіті талдайды. Қаламгер персонаж болмысына тән психологиялық ерекшеліктерді жіті аңғарып, репликаларды мінез құлыққа байланысты нанымды кестелеген. Ал аудармада кейіпкерлердің сөз саптау мәнерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Түпнұсқадағы Күсеннің, Тұрғалидың сөздерінде қаншама зіл жатыр. Тәржімада солардың қаңқасы ғана қалған. Бір айта кетерлік жайт, Г.Садовников әңгіменің көптеген тұстарында Күсеннің сөздерін, іс-әрекеттерін өз еркіне бағындырады. Г.Садовников аудармашы ретінде С.Мұратбековтің стиліне, сөз қолдану ерекшеліктеріне икемделуге тиіс еді.

"Күсен-Күсекедегі" басқа да негізгі кейіпкерлер – дүкенші жігіт Бисұлтан мен озат шопан Біліспай. Шығармада автор Бисұлтан образын, портретін былай сипаттайды.

"Майға шомылғандай жып-жылтыр, семіз қара жігіт Бисұлтан мойнына су кеткендей көзі жаутаңдап сүмірейіп төмен қарап тұрды. Басына іс түскен деген оңай ма, мөлііп-ақ қапты. Арақты ішіп ап, күп-күрең боп бөртіп екі қолын қалтадан алмастан көкке қарап тасырайып тұрушы еді бұрын" (4, 22). Ал аталған кейіпкерлердің портреттері аудармада берілмей қалған. Ал, "кейіпкердің мінез-бітімін, характерін неғұрлым толық ашып көрсету үшін оның портретін мүсіндеудің де үлкен мәні бар. Сондықтан кейіпкердің характерін әр түрлі жағдайда, күрес-тартыс үстінде оның басқа адамдармен қарым-қатынасы, өзінің әрекет-қимылдары, істеген істері арқылы айқындай отырып, жазушы портреттік сипаттауға да көңіл бөледі" (5, 270). Ал аудармашы болса портреттің мұндай көркемдік қызметін ескермей, аудармай тастап кеткен.

Аудармашының автордың стилі мен шығармашылық түпкі ойына немқұрайлы қарым-қатынасы аударма сапасына, оның балама деңгейіне үлкен зиянын тигізетіні белгілі. Бұл аудармашының түпнұсқаға қалауынша

өзгерістер енгізуінен немесе амплификациялардан көрініс табады. Г.Садовников түпнұсқаға өз бетімен өзгерістер енгізуге тырысқан. Бұған мысалды әңгіменің көптеген тұстарынан кездестіруге болады. Түпнұсқа мен аударманы салыстырып қарай бастасақ, аудармашының өз қалауынша осындай жекелеген үзінділер қосып, мәтіннің көлемін ұлғайтқанын көреміз. Бұндай жайттарға аударма тәжірибесінде жол берілмейді. Аудармашының шығармаға екінші өмір сыйлайтынын, автор мен оқырман арасындағы дәнекер екенін ескерсек, ол жазушы шығармаларының өзіндік ерекшеліктеріне селқос қарамауы керек еді

Сондай-ақ, аудармада шығармалардың бір бөлігі мен екінші бөлігінің орны ауыстырылған. Осы орындары ауысқан бөліктерді байланыстыру үшін жаңа сөйлемдер қосылған. Осылай етіп орын ауыстырғанда не мақсат бар? Түсініктілік жағынан аз да болса ұтыс бар ма? Ондай ештеңе жоқ. Автордың өз ізімен жүріп-ақ авторша баяндаса да, ой түсініксіз болмай қалмас еді. Өйткені мұндағы сөйлемдер қысқа қайырылып, аударуға жеңіл келеді.

Төл сөздің төлеу сөзге, баяндаудың диалогқа, диалогтың баяндауға айналып кеткен тұстары көп.

"Күсен-Күсекенің" түпнұсқасында:

"Әсіресе, соңғы күндерде ол өзінің биылғы табысын іштей жиі есептейтін болып жүр: ала жаздайғы әйелімен екеуінің еңбегі және жазда жүнді жақсы қырықты, соның қосымша ақысы, төлді де биыл ойдағыдай алып, шығынсыз өсірді, соның қосымша ақысы – осының бәрін өзінше іштей есептеп қосады: "Жеті мен сегізім он бес, бірі көңілде... төртпен жеті он бір көңілдегі бірмен..." – деп күбір-күбір етеді, онан саусақтарын санайды, қойшы қысқасы есептеп шығарады. Жә, биылғы табысы жаман емес екен. "Бұйыртса ақшаны басып алатын шығармын", – деп қалды. Ал сонша ақшаны қайда жұмсап, қайда қоятынын әзірге өзі де білмейді. "Балалар бар ғой" .., – деп күйеуге шығып кеткен үлкен қызын, онан соң облыс орталығында техникумда оқып жүрген ұлын еске алады... " (4,21).

Аудармасы:

" Неспроста в последнее время его губы сами подсчитывали про себя: мол, в этом году он и жена настригли шерсти больше обычного, а за этого полагается добавочная плата, как ни говори, и приплод ныне увесистый – это тоже деньги. Так губы и шепчут:

Семь прибавить восемь, один в уме...

К губам присоединяются пальцы, тоже начинают ворожить:

Семь и четыре – одиннадцать...

Айша, а неплохо мы, кажется, поработали в этом году. Больше чем в прошлом, – не выдерживает он обращаясь к жене.

Вот и хорошо, пошлем ребятам, – отвечает Айша.

Пошлем, – соглашается Кусен" (2, 192).

Көріп отырғанымыздай, төл сөз диалогқа айналып кеткен. Күсеннің репликалары өзгеріске ұшыраған. Соған байланысты характері де әртүрлі сипатта көрінеді.

Бұл айтылғандардың барлығы аударманың түпнұсқадан көп төмен шығуына септігін тигізген. Түпнұсқа мен аударманың эстетикалық жағынан сәйкестігі көркем аударманың өзекті мәселесі болып қала береді. Бұл мәселені шешу үшін аудару барысында сөзбе-сөзділіктен, мәтін қысқартушылықтан немесе асыра сілтеушіліктен аулақ болуды аудармашының үнемі есте ұстағаны жөн деп ойлаймыз.

Енді ұлттық сипатымызды танытатын сөздеріміздің аударылуына назар аударайық. Шығармада салт-дәстүр, ұлттық киім, ұлттық ойындар, ұлттық тағамдарды бейнелейтін сөздер де кездеседі. Г.Садовников реалий сөздерді тәржімалаудың түрлі тәсілдерін пайдаланған (транслитерация, түсіндірмелі аударма). Әңгімеден мысалдар.

Түпнұсқа: "Тырнақтары сынған, кейі мүжілген, барбиған жуан саусақтарымен көзін уқалап, сүртіп, онан тақырға өскен тікенектей тікірейіп өсіп кеткен иегіндегі бес-алты тал сақалын, мұртын сипап қояды" (18 б).

Аудармасы: "В бороде –то пять-шесть волосинок, а по щекам реденькая щетина, точно колючки, выросшие на **такыре...**" (195 б).

Түпнұсқа: "Осы күні Күсеннің қой жайып жүрген өрісі үйінен бес-алты шақырымдай жерде, қалың ши-қияқ өскен қырат бар" (24 б).

Аудармада: " В тот день он отогнал овец на шесть километров от кошары, в халмы, поросшие **чием и кияком**" (296 б).

Бұл жерде ұлттық сөздер сол күйінде аударылған. Ұлтымызға тән, тұрмысқа байланысты сөздер транслитерация бойынша берілген. Ұлттық реалий сөздерді аударғанда қолданатын тағы бір тәсіл – суреттемелі аударма. Аудармашы ұлттық тағамдарды, ұлттық ойындарды аударған кезде аударманың осы түрін қолданады. Мысалы:

"Одевшись, Кусен подходит к деревянному сундуку, стоящему у двери, разворачивает старую шубу и добирается до кастрюли с айраном – кислым молоком".

Түпнұсқа мен аударманың эстетикалық жағынан сәйкестігі көркем аударманың өзекті мәселесі болып қала береді. Бұл мәселені шешу үшін аудару барысында сөзбе-сөзділіктен, мәтін қысқартушылықтан немесе асыра сілтеушіліктен аулақ болуды аудармашының үнемі есте ұстағаны жөн деп ойлаймыз.

Қорыта айтқанда, тәржімашы Г.Садовников С.Мұратбеков әңгімесін аудару кезінде шебер суреткерге тән нақыш өрнектер жасайды. Сонымен қатар олқылықтары да бар.

Біз бұл мақаламызда С.Мұратбеков бір ғана әңгімесінің аударылу мәселелеріне қысқаша ғана тоқталып өттік. Суреткердің басқа туындыларының аударылу деңгейі туралы кеңінен сөз қозғау болашақтың ісі.

Көрнекті жазушының барлық шығармаларын өз үнімен, өз бояуымен, өзіне тән көрік-келбетімен жеткізе білу – көркем аударманың алдында тұрған үлкен мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Муратбеков С. Дикая яблоня. – М., Советский писатель, 1979.
2. Муратбеков С. Горький запах полыни. – М. Русская книга, 2003. – 300 с.
3. Левый И. Искусство перевода. – М. Прогресс, 1974. – 397 с.
4. Мұратбеков С. Көкорай. – Алматы: Жазушы, 1979. – 453 б.
5. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 385 б.

Резюме

В статье рассматриваются особенности перевода на русский язык рассказа "Кусен-Кусеке" известного писателя С.Муратбекова.

Resume

In this article peculiarities of translation of "Kusen-Kuseke" tale of well-known writer S.Muratbekov are examined.

Özet

Bu makalede S.Muratbekov'un "Kusen-Kuseke" hikayenin Rus diline tercümesindeki hususiyetler incelenmektedir.

**Шындық пен ақиқат құнсызданса-
жарық дүниенің сөне бастағаны.**
